ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 шілде №2301-24-00-2/1619 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
“Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ғабдол Сланов атындағы облыстық ғылыми Әмбебап Кітапханасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 719 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Қобдаған
Прокурор Қ.Таргынова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 18 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №56 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «10 бума түптеуге арналған пластикалық серіппе» және «20 дана кеңселік пышақ» жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 29 940 теңге, орындау мерзімі – Шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 3 мамырға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген, ол туралы жауапкерден ешқандай туындаған қиыншылықтар немесе дәлелді хат келіп түспеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талап қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 18 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №56 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «10 бума түптеуге арналған пластикалық серіппе» және «20 дана кеңселік пышақ» жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі – Шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 3 мамырға дейін.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 30.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024
2301-24-3-1/1687

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, тауар шартта белгіленген мерзімде жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші орындаушыдан өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден кешіктірілген 24 күнге (2024 жылғы 4 мамырдан бастап 27 мамырға дейін) 719 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, жауапкерден 719 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 868 (1 846+22) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

“Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ғабдол Сланов атындағы облыстық ғылыми Әмбебап Кітапханасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 719 теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ГосТорг» Ашимбек Джолдасбекович Шаншаровтан мемлекет кірісіне 719 (жеті жүз он тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 868 (бір мың сегіз жүз алпыс сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 30.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024

облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 30.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Саудабаев А. Б., 04.09.2024

2301-24-3-1/1687